

Тауар биржалары мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидаларын және Тауар биржасы клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 729 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 желтоқсанда № 12605 болып тіркелді.

"Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 3-6) тармақша және 17-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) Тауар биржалары мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидалары 1-қосымшасына сәйкес;

2) тауар биржасы клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптары 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сауда қызметін реттеу департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қағидалардың 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енетін 2-қосымшасын қоспағанда, алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушысының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 729 бұйрығына
1-қосымша

Тауар биржалары мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.09.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Тауар биржалары мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және биржалық мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалардың талаптары құнды қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін фьючерстік және опциондық мәмілелер бойынша клирингтік қызметіне қатыстырылмайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) есеп айырысу ұйымы – екінші деңгейдегі банк немесе онымен тауар биржасының клирингтік орталығы биржалық сауда–саттық өткізу және (немесе) биржалық сауда–саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс қимыл тәртібі туралы шарт жасаған банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

1-1) ақша қаражатын есепке алудың клирингтік тіркелімі - тауар биржасы мүшелерінің ақша қаражаты қозғалысының есебін жүргізу үшін клирингтік ұйым пайдаланатын электрондық дерекқор;

2) клиринг – биржа мәмілелерін жасасу нәтижесінде, оның ішінде міндеттемелер неттингін жүзеге асыру нәтижесінде тауар биржасы мүшелерінің талаптары мен (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты айқындау, тексеру және беру процесі және осындай міндеттемелерді тоқтатудың және (немесе) орындаудың негізі болып табылатын құжаттарды (ақпаратты) дайындау;

3) Алып тасталды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) уәкілетті орган – тауар биржалары саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.09.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Алып тасталды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.09.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тауар биржасының клирингтік орталығы бір немесе бірнеше тауар биржаларына, электрондық сауда алаңдарына, сондай-ақ биржадан тыс мәмілелерге клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Тауар биржасына бірнеше клирингтік орталықтардың клирингтік қызмет көрсетуіне жол берілмейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Клирингтік қызметті жүзеге асыру

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.09.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Биржалық мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру үшін тауар биржасы клирингтік ұйыммен клирингтік қызмет көрсету туралы шарт жасасады.

Клирингтік ұйымның биржалық саудаға қатысушыларды аккредиттеуін жүргізуге жол берілмейді.

Биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін клирингтік ұйым биржалық саудаға қатысушымен 3 (үш) жұмыс күні ішінде клирингтік қызмет көрсету туралы шарт жасасады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.10.2025 № 286-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Тауар биржасының клирингтік ұйыммен шарт өзара әрекет ету, ақпаратты алмасу, биржалық сауданы жүзеге асыру процесінде рәсімдерді жасау бойынша тәртібі туралы талаптарды қамтылады.

7. Биржалық мәмілелер бойынша клирингті, есептерді және міндеттемелерді есепке алуды жүзеге асыру мақсатында тауар биржасының клирингтік орталығы есеп айырысу ұйымымен биржалық сауда-саттықты жүргізу және (немесе) биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі туралы тиісті шарт жасасады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.09.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-1. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген шарт жасалғаннан кейін биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысулар ақша қаражатын есепке алудың клирингтік тіркелімінде ескеріледі.

Тауар биржасы мүшесінің ақшалай қаражаты есеп айырысу ұйымындағы клирингтік орталықтың ағымдағы шотына ақшалай қаражатты енгізу туралы растайтын құжаттарды ұсына отырып, тауар биржасы мүшесі тауар биржасының клирингтік орталығына жүгінген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей ақша қаражатын есепке алудың клирингтік тіркеліміне енгізіледі.

Бұл ретте тауар биржасының мүшесін биржалық қамтамасыз етуді қайтаруды тауар биржасының клирингтік орталығы биржалық қамтамасыз етуді қайтаруға өтініш берілген кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Тауар биржасының клирингтік орталығы, зардап шеккен тараптың пайдасына кінәлі тараптың биржалық қамтамасыз ету сомасын аудару жағдайларын қоспағанда, тауар биржасының мүшелері биржалық қамтамасыз ету ретінде енгізген ақшалай қаражатқа билік етпейді.

Ескерту. Қағидалар 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-2. Биржалық мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету үшін тауар биржасының клирингтік орталығы биржалық сауда-саттықтың әрбір қатысушысына биржалық қамтамасыз етуді және биржалық мәміле бойынша тауарға ақы төлеу үшін енгізілген ақшаны есепке алу бойынша бөлек тіркелімдері бар сауда шоттарын ашады.

Биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың ақшасы тауар биржасының клиринг орталығының жеке банктік шотында сақталуға жатады.

Тауар биржасының клирингтік орталығы брокер мен оның клиенттері ақшасының бөлек есебін жүргізеді.

Тауар биржасының клирингтік орталығы әрбір жасалған мәміле бойынша оқшауланған биржалық қамтамасыз етудің есебін жүргізеді.

Ескерту. Қағидалар 7-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Клирингтік қызмет жүзеге асырылатын биржалық мәмілелерге орай, клирингтік орталықтар Заңның 17-бабының 6-тармағымен айқындалған қызметтерді атқарады.

9. Өз функцияларын іске асыру үшін клиринг орталық осы клиринг орталық клирингтік қызмет көрсететін мәмілелер бойынша ақпаратты жинау, өңдеу және

сақтауды жүзеге асырады, алшақтық болған жағдайда оларды салыстырады және түзетеді.

10. Клиринг ұйымы клиринг қызметіне байланысты ақпарат пен құжаттарды сақтауды және осындай ақпаратты күн сайын резервтік көшіріп алуды жүзеге асырады.

Резервтік көшірмелер ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғалуға тиіс және клиринг ұйымының резервтік техникалық орталығында жаңартылған резервтік көшірмелерімен ауыстырылғанына дейін сақталады.

11. Тауар биржасының клирингтік орталығы резервтік техникалық орталықтың дереу жандандыруға тұрақты дайын болуын қамтамасыз етеді. Резервтік техникалық орталық мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) клиринг қызметіне байланысты негізгі ақпаратқа ұқсас ақпараттың резервтік көшірмелерін қамтиды;

2) биржалық мәмілелер бойынша клиринг қызметті жүзеге асыру процесінде пайдаланылатын тауар биржасының клирингтік ұйымының бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етілуінің көшірмесін қамтиды;

4) тауар биржасының клирингтік орталығының қызметін жүзеге асыруға қажетті коммуникациялармен қамтамасыз етіледі;

5) тауар биржасының клирингтік орталығының орналасқан жері бойынша клирингті жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда осы жағдай туындағаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей клирингті жүзеге асыру мүмкіндігін ұсынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.09.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Клирингтік орталықтың ақпаратты ашуы және сақтауы

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.09.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Тауар биржасының клирингтік орталығы өзінің қызметі туралы ақпараттың ашылуын және барлық мүдделі тұлғаларға коммерциялық құпия болып табылмайтын ақпараттармен танысуға еркін қолжетімділікті аталған ақпаратпен бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты негізде жариялау (орналастыру) жолымен қамтамасыз етеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.09.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Клирингтік ұйымның интернет-ресурсында немесе ол қызмет көрсететін тауар биржасында келесідей:

1) клирингтік ұйым туралы жалпы ақпараттың (клирингтік ұйым органының құрамы, клирингтік ұйымның жетекші қызметкерлерінің тегі, аты-жөні, егер бар болса әкесінің аты, клирингтік ұйымның орналасқан жері, байланыс телефондары);

2) клирингтік ұйымның құрылтайшы құжаттарын;

3) аудиторлық ұйым бекіткен қаржылық есептілікті қоса алғанда, клирингтік ұйымның жылдық қаржылық есептілігі, және аудиторлық есебін;

4) клирингтік ұйым қызмет көрсететін тауар биржаларының атауын;

5) тауар биржасы/клирингтік ұйым қызмет көрсететін есеп жүргізу ұйымының (дарының) атауын ақпараттардың ашылуы қамтамасыз етіледі.

14. Клирингтік орталық келесідей:

1) тауар биржасы мүшесінің клирингтік есепке алу тіркелімдерінде ескерілетін ақша мен өзге де міндеттемелердің сомалары туралы, оның ішінде тауар биржасы мүшесінің берешегі туралы;

2) тауар биржасы мүшесінің клирингтік орталыққа немесе есеп жүргізу ұйымдарына берілген тапсырмалар туралы және өзге де құжаттар туралы;

3) тауар биржасы мүшелерінің клирингтік орталықтарда ескерілген міндеттемелері туралы және клирингтік орталықтың тауар биржасы мүшелері алдындағы міндеттемелері туралы;

4) бір тарап болып тауар биржасы мүшесі саналатын биржа мәмілелері туралы ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

Клирингтік орталық осы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құзыретті органдаға олардың коммерциялық құпиялардан тұратын мәліметтерді алу туралы жазбаша сұраныстарының негізінде ашады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-1. Тауар биржасының клирингтік орталығы осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген тауар биржасының мүшесі туралы ақпаратты тікелей тауар биржасының мүшесіне оның жазбаша сұрау салуы негізінде ұсынуды қамтамасыз етеді. Осы ақпаратты ұсыну мерзімі сұрау салуды алған кезден бастап үш жұмыс күнінен аспайды.

Ескерту. Қағидалар 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушысының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 729 бұйрығына
2-қосымша

Тауар биржасының клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.09.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптары (бұдан әрі – Талаптар) "Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Тауар биржасының клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарын айқындайды.

2. Осы Талаптары құнды қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін фьючерстік және опциондық мәмілелер бойынша клирингтік қызметіне қатыстырылмайды.

2-тарау. Тауар биржасының клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 03.09.2019 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Биржалық саудаға қатысушылардың биржалық сауда-саттыққа олар енгізген биржалық қамтамасыз етудің мөлшеріне байланысты рұқсат беруін автоматтандырылған бақылауды қоса алғанда, клирингтік қызметті жүзеге асыру үшін клирингтік орталықтың қарамағында клиринг процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешені болады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешені жұмыс станцияларынан (компьютерлік базадан), серверлік аппараттық қамтамасыз етуден тұруы және мыналарды қамтамасыз етеді:

1) ақпаратты сенімді сақтау, оларды рұқсат етілмеген қолжетімділіктен қорғау, дерекқордың тұтастығын және мынадай жағдайларда электрондық мұрағаттар мен дерекқорлардағы ақпараттардың толықтай сақталуын:

кез-келген уақытта бағдарламалық қамтамасыз етудің кез-келген учаскесінде толықтай немесе ішінара электр тоғы өшіру кезінде;

желілерде, телекоммуникацияларда апатты жағдайлар орын алғанда, деректерді алмасу операцияларын орындау кезінде орнатылған нақты және виртуалдық жалғаулар үзіліп кеткен жағдайда;

бағдарламалық қамтамасыз ету ақпараттарына рұқсат етілмеген қолжетімділік әрекеттері кезінде;

2) бағдарламалық қамтамасыз етуде жүзеге асырылған кіріс деректеріне, қызметтеріне, операцияларына, есептеріне көп деңгейлі қолжетімділік. Бағдарламалық қамтамасыз ету екіден кем емес негізгі қолжетімділік деңгейлерін қарастырады: "әкімші" және "пайдаланушы";

3) енгізілген деректердің толықтығына бақылау жүргізу (қызметтерді немесе операцияларды барлық жолдарды толықтай толтырылмаған жағдайда бағдарлама тиісті хабарламаны беруді қамтамасыз етеді);

4) жекелеген сұраныстар бойынша және кез-келген белгілері бойынша ақпараттарды іздестіру, сондай-ақ ақпараттарды кез-келген параметрлері бойынша сұрыптау және осының алдындағы күндерде берілген ақпараттарды қарау мүмкіндігін;

5) ақпаратты күндері бойынша қысқартуларсыз өңдеу және сақтауды;

6) нормативті құқықтық актілермен бекітілген есептер формаларын, сонымен қатар хабарламаларды, анықтамаларды, жеке тұлға есепшоттарынан үзінділерді, ақпараттық операциялардың жүзеге асырылғанын растайтын жүргізілген операциялар мен құжаттар туралы есептерді рәсімдеуді автоматтандыру;

7) мұрағаттану мүмкіндігі (мұрағаттан алынған деректерді қалпына келтіру);

8) шығыс құжаттарды экранға, принтерге немесе файлға шығару мүмкіндігі;

9) электронды құжаттармен алмасу мүмкіндігі;

10) бағдарламалық қамтамасыз етудегі жаңылулар болған жағдайда үздіксіз және үзіліссіз жұмыс жасау;

11) берілген клирингтік ұйым клирингтік қызмет көрсету, оны тексеру мен түзетуді жүзеге асыратын келісімдер бойынша ақпаратты автоматты түрде жинау, өңдеу және сақтау;

12) клирингтік қызмет көрсетуге қабылданған саудаластық және (немесе) тауарлық биржадағы ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалған шарттардың барлық параметрлерін есепке алу;

13) саудаластықтың тауар биржасы мүшелері үшін клирингтік қызмет нәтижелері туралы есепті рәсімдеу;

14) мынадай операцияларды автоматты түрде орындау:

тауар биржасы мүшесінің қаражатын бөлек есепке алу;

тауар биржасы қатысушысының биржалық қамтамасыз ету қаражатын бұғаттау және биржалық мәмілелерді жасау нәтижелері бойынша бұғаттау алып тастау;

тауар биржасы мүшелерінің бос қаражаты болған жағдайда саудаға жіберу (өтінімдер мен мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде бұғатталмаған);

биржалық қамтамасыз етуді есепке алу;

15) тауар биржасы мүшесінің өзгертілетін деректерінің сақталуы және бұрынғы деректер бойынша тіркелген тұлғаны іздеу;

16) бүкіл мерзім ішінде есепке алудың клирингтік тізілімі бойынша өткізілген операциялардың барлық түрлері бойынша ақпараттың сақталуы;

17) электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, қорғалған байланыс арналары арқылы клиенттерге, есеп айырысу ұйымдарына, тауар биржасына және монополияға қарсы органға ақпарат беру;

18) бұйрық беруге уәкілетті тұлға атынан оның ашқан есепке алудың клирингтік тізілімі бойынша операцияларын жасау үшін құжатты алу фактіні сәйкестендіру;

19) тек қана уәкілетті тұлғалар бұйрықтары негізінде есепке алудың клирингтік тізілімдері бойынша операцияларды жүргізу;

20) бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмыс істеуі процесінде еркін нысанда аудит журналын жүргізу.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Клирингтік орталық аппараттық-бағдарламалық кешеніндегі ақпараттың сақталуы қосымша сервердегі жүйелік транзакциялар журналында және дерекқорлардағы резервтік көшірмелерді автоматты түрде күн сайынғы сақтау жолымен қамтамасыз етіледі.

6. Клирингтік орталық ақпаратының қорғалуы қол жетімділіктің негізгі деңгейлері - "әкімші" және "пайдаланушымен" қамтамасыз етіледі:

1) қол жетімділік деңгейі - "әкімші" мыналарды қамтиды:

пайдаланушылар топтарын анықтау, оларды орындайтын қызметтері бойынша санаттарға бөлу және ақпаратқа қол жетімділік деңгейін олардың бекітуі, парольдер ауыстыру;

бағдарламалық қамтамасыз ету қызметінің параметрлерін баптау;

бағдарламалық қамтамасыз ету дерекқорына қосылған пайдаланушыларды қарау;

операциялық күнді ашу (жабу);

жұмыс күнін ауыстыру;

ұзақ мерзімді сақтау деректерінің алынбалы-салынбалы тасымалдағыштарында мұрағаттық және резервтік көшірмелерін жасау;

2) қол жетімділік деңгейі - "пайдаланушы" мыналарды қамтиды:

бағдарламалық қамтамасыз ету дерекқорында анықтамалық ақпаратты жүйелі түрде жаңартып отыру;

деректерді бағдарламалық қамтамасыз етуге енгізу;

клиенттердің құралдарымен белгіленген операцияларды бағдарламалық қамтамасыз етуде жүргізу;

есептік (шығыс) формаларын қалыптастыру;

қажетті ақпаратты сақтау;

есептер мен шығыс құжаттарды басып шығару.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Бағдарламалық қамтамасыз етудің әрбір пайдаланушысы үшін жеке пароль бойынша кіру қарастырылады. Қол жетімділік деңгейі - "әкімші" үшін парольдерді өзгерту маңыздылығы қарастырылады. Шығыс деректерге, функцияларға, операцияларға, есептерге қол жетімділік отыз күнтізбелік күн ішінде бір реттен кем емес өзгертіліп отыратын сәйкес парольді енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

8. Бағдарламалық қамтамасыз етуде (қол жетімділік деңгейіне тәуелсіз) мыналарға жол берілмейді:

1) белгілі бір функциялар мен операцияларды оларды орындаудың бекітілген тәртібін бұзумен орындауға мүмкіндік беретін құралдар мазмұны;

2) рәсімделген шығыс құжаттарының деректеріне өзгертулер тікелей енгізуге мүмкіндік беретін функцияларға ие болу;

3) клирингтік есепке алу тізілімінің жағдайы туралы және жүргізілген операциялар туралы, осы операцияларға (функцияларға) арналғандарды қоспағанда, деректерді өзгерту (жою).

9. Операцияларды орындау кезінде клирингтік орталықтың бағдарламалық қамтамасыз етуі келесі жағдайлардың туындағаны туралы хабар беріледі:

1) клирингтік есепке алу тізілімінен сызып тасталуы тиіс құралдар саны ондағы құралдар санынан артылады;

2) шарттарды орындау мерзімдерін бұзу;

3) құралдан сызылып тасталатын клирингтік есепке алу тізілімі блокталған.

10. Тауар биржасы мүшелері – клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешенінің пайдаланушыларына келесі талаптар орындалады:

1) пайдаланушының жұмыс орнында жүйелі түрде жаңартылып отыратын және операциялық жүйенің жүйелік жаңартылуыларн автоматты түрде жүктеу бағдарламалық антивирустық қамтамасыз етуі орнатылады.

2) операцияларды жүргізуге пайдаланылатын пайдаланушының дербес компьютерінде электронды құжаттарды дайындау, өңдеу, беру немесе жүргізу бойынша міндеттерді шешуге арналмаған бағдарламалық құралдарды орнатуға жол берілмейді.

3) бағдарламалық ортаға кірерде пайдаланушы идентификацияланатын пайдаланушының бір жүйелік атына бір жеке тұлға сәйкес келеді.

11. Өзінің аппараттық-бағдарламалық кешенінің жұмысының тоқтаусыз және үзіліссіз болуын қамтамасыз ету үшін клирингтік орталық бірі негізгі ретінде, ал қалғандары - резервті ретінде пайдаланылатын үздіксіз электр қорегінің екеуден кем емес көздерінің болуын, немесе бірден белсенді жұмысқа кірісуге дайын резервті генератор болуымен бір ғана үздіксіз электр қорегінің көзінің болуын қарастырады.

12. Клирингтік орталықтың серверлік аппараттық қамтамасыз етуі өзінің құрамында зақымдалу, жою немесе негізгі құрылғыны пайдалану мүмкін болмаған жағдайында бірден бенсенді жұмыс істеуге дайын резервті құрылғысы болады. Осы кезде серверлік құрылғысы бар жай қол жетімділікті бақылау жүйесімен жабдықталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК